

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

#### Қыркүйек айы 2022 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: «Тұлпар» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жас

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                          | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі<br>01.09.2022 | Жұма<br>02.09.2022 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------|------------------------|--------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)                                                                                                                 |          |          |                        |                    |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру                                                                                              | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |                        |                    |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br><b>Балалармен жеке жұмыс.</b> |          |          |                        |                    |
| Таңертеңгі жаттығу                                                                                                                | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                  |          |          |                        |                    |
| Таңғы ас                                                                                                                          | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> )<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту                                                    |          |          |                        |                    |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке                                                                                                       | Шаттық шеңбері. «Алақанның жылуы»<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау,                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |                        |                    |

|                              |                                                                                                                                                              |                |        |                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| дайындық                     | қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату. |                |        |                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Қазақ тілі                                                                                                                                                   | Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру                                                                                                                                      | <p>Дене шынықтыру</p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>Қоян мен қасқыр</p> |
|                              |                                                                                                                                                              |                |        | <p>Менің қоршаған орта бағытында балаларға топтың бөлмелерін аралату. Топтағы заттардың атауын атап, таныстыру.</p> <p><b>(қоршаған ортамен</b></p> | <p>Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  | <p><b>таныстыру)</b><br/>Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br/>- біздің балабақшаның аты қандай білесіңдер ме?<br/>-тобымыздың аты ше?<br/>Суреттерді көріп бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту<br/><b>(Сөйлеуді дамыту)</b></p> | <p>ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б<br/><b>(Сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу.<br/><b>(Математика негіздері)</b><br/>Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру<br/><b>(Құрастыру)</b></p> |
| Серуенге дайындық | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (<b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Серуен            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  | <p>Балаларға балабақша туралы тақпақ жаттату<br/>Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз.</p>                                                                                                                                                                                                       | <p>Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен гүлдерді көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                               |

|                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                     |
|-------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  | Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз<br><b>(Көркем әдебиет)</b><br>Балабақша ауласындағы заттардың пішінін, қай жақта орналасқанын атауды, кеңістікті бағдарлауды үйрету.<br><b>(Математика негіздері)</b><br><br>Ыстық және суық желді ажырата білуді үйрету<br>Қ/о «Тырналар» | <b>(Қоршаған ортамен таныстыру)</b><br><br>Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп, таныстыру<br>Қ/о «Поезд» |
| Серуеннен оралу                           | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <b>( дербес ойын әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                     |
| Түскі ас                                  | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                     |
| Күндізгі ұйқы                             | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру <b>(көркем әдебиет)</b>                                                                      |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                     |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ</b>                                                                   |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                     |

|                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                      |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                          | <b>моториканы дамыту)</b><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).                               |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                          | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> |                                                                                                                                                                      |  |  | Балаларға балабақшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету( <b>Сурет салу</b> )<br>Ермексаздан топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету.<br><b>(Мүсіндеу)</b><br>Фланелеграф - жабысатын тақта бетінде.ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұксас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету .Салыстыру қабылетін дамыту<br><b>(Жапсыру)</b> | Топқа есігін қағылып қонаққа қоян келеді. Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға бергізіп,бізде қоянға сыйлық берейікдеп балалардың қалаулары бойынша шардың суретін салып, ермексаздан шар жасап, немесе дайын кіші тақтайашаларға шарларды жапсырып сыйға беруді ұйымдастыру. Жеке жұмыс орындау қабылетін дамыту<br><b>(Сурет салу)</b><br><b>(Мүсіндеу)</b><br><b>(Жапсыру)</b> |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>                                                                                                             |                                                                                                                                                                      |  |  | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындарын ұйымдастыру. Сөрелерге ойыншықтарды                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |                                                                                                                                                                                         | жинау.                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b>      | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |  |  |                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Серуен</b>                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  | Құрастыру материалдарынан балабақшадағы заттарды өз тандаулары бойынша құрастыру.<br><b>(Құрастыру)</b><br><br>Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру | Балалармен бақшамыз туралы тақпақты бірге жаттау.Есте сақтауын дамыту<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз<br><b>(Көркем әдебиет)</b><br><br>Қ/о «Тырналар»<br>Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат жүргізу                                                                                                                       | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру                                                                                                                                                                                                                                 |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы 2022жыл 2 апта**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: «Тұлпар» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жас

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                          | Дүйсенбі<br>05.09.2022                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сейсенбі<br>06.09.2022 | Сәрсенбі<br>07.09.2022 | Бейсенбі<br>08.09.2022 | Жұма<br>09.09.2022 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .                                                                                                                                           |                        |                        |                        |                    |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру                                                                                              | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау.                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                        |                        |                        |                    |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру)<br><b>Балармен жеке жұмыс.</b> |                        |                        |                        |                    |
| Таңертенгі жаттығу                                                                                                                | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> .                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                        |                        |                        |                    |
| Таңғы ас                                                                                                                          | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b> Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b>                                                         |                        |                        |                        |                    |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                              | Таңғы жиын.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет                                                                                                                                 |                        |                        |                        |                    |

|                              |                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Қазақ тілі                                                               | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/> Негізгі қимылдар:<br/> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру;<br/> Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br/> Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату<br/> <u>Қимылды ойын:</u><br/> Тырналар-тырналар</p> | <p><b>Музыка</b><br/> "Ойыншықтар".<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br/> Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/> Негізгі қимылдар:<br/> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру;<br/> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;<br/> Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату;<br/> Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу"<br/> <u>Қимылды ойын:</u><br/> Тышқандар мен мысық.<br/> <u>Спорттық жаттығулар:</u> Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/> Негізгі қимылдар:<br/> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру;<br/> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;<br/> Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br/> Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату.<br/> <u>Қимылды ойын:</u><br/> Шыбыққа қалпақ кигізу</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                            |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                      | <p>қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.</p> <p><b>"Ұшты-ұшты" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету.</p> |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                            |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>Тоқтап, заттарды айналып жүру; тұрған бір орнында қос аяқпен секіру. шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br/><u>Қимылды ойын:</u><br/>Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р</p> | <p><b>Музыка</b><br/>"Қысқы әнші құстар".<br/>Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтары н арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру; көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br/><u>Қимылды ойын:</u><br/>Ақ доп, қызыл доп<br/><u>Спорттық жаттығулар:</u><br/>Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау.</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру; бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).<br/><u>Қимылды ойын:</u><br/>Поезд</p> |
|                              | Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте не бейнелеген. Балалар                                                                                          | <p><b>Ұшқыш</b><br/>Кең аспанды шарлаған, Ұшқыш деген мен</p>                                                                                                                                                                                                                     | Қонаққа есікті тақылдатып тасша бала келеді. Балалармен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Камаздың гүрілдеген дауысы естіледі. Балалар бұл ненің дауысы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балаларға автобус макетін көрсетіп оған                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау. Өткен аптада жүргізушімен танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> | <p>болам. Қыран құстай самғаған, Ерен жүйрік мен болам. Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады. Ұшақтың қандай түрлері болады? Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау. Сендер ұшақта ұшып көрдіңдер ме? Қима суреттерді құрастыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, құрастыру)</b></p> | <p>сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны суға жүздіртіп көрейік деп арнайы ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң тасша бала үйіне қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту,</b></p> | <p>екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін карау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасу.</p> <p><b>(көркем әдебиет, математика негіздері)</b></p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету</p> <p>Құрастыру материалдарынан жүк көлігін құрастыру</p> <p><b>(құрастыру)</b></p> | <p>мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызу. Балалардан артында, алдында, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қарандар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді. Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға қараймыз біздің оң жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                     |                                                          |                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                     | кұрастыру)                                               |                                                                                      | қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобусқа мініп топқа оралады. <b>(көркем әдебиет, математика негіздері)</b> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                     |                                                          |                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуен</b>            | Автобусқа мініп аулаға шығайық. Балабақша ауласынада ауа райын бақылату. Көшедегі көлік пен автобустардың                                                                                                                                                                                              | Далаға шығып ұшақтар аспанда бар ма, қарау. Ұшақты адамдар құстарға қарап жасағанын | Қандай көлік құралдарымен танысқандарын естеріне түсіру. | Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беру. Жүк көліктеріне қарды | Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                             |                                                                                                               |                                                                                                                                                    |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>дыбыстарын тыңдау, олардың шығаратын дыбыстарында айырмашалық бола ма анықтау.<br/><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар<br/><b>Қимылды ойын</b><br/>«Тышқандар мен мысық.»</p> <p>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p>                                                                                                                                                                                          | <p>түсіндіру. Ұшақтар болып ұшу. Ол қалай ұшады, қалай қонады көрсету, бірге жасату.<br/><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b><br/>«Өз түсінді тап»</p> <p>Қар түйіршіктерін нысанға лақтыру</p> | <p>Ауа райын бақылап, сипаттауды пысықтау<br/><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p><b>Қимылды ойын</b><br/>«Допты дәлдеп лақтыр»</p> | <p>салып тасу.<br/>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p><b>Қимылды ойын</b><br/>«Торғайлар мен автомобиль»</p> | <p>сезіну, айта білуін дамыту.<br/><b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p><b>Қимылды ойын</b><br/>«Қуыр-қуыр қуырмаш»</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                             |                                                                                                               |                                                                                                                                                    |
| <b>Түскі ас</b>        | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p> |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                             |                                                                                                               |                                                                                                                                                    |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>   | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру <b>(көркем әрекет)</b></p>                                                                   |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                             |                                                                                                               |                                                                                                                                                    |

|                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b></p>                                                                                        | <p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <p><b>Бесін ас</b></p>                                                                                                                         | <p>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p> | <p>Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу <b>(сурет салу)</b></p> <p>Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексазdan жасату.Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру. <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p> <p>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, машина, автобус құрастырту. <b>(құрастыру)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>Өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау, <b>(Математика негіздері)</b></p> <p>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру.</p> <p>Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып толықтырып бояу,</p> | <p>Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу. <b>(Жапсыру)</b></p> <p>Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру (үлкен, кіші) <b>(Математика негіздері)</b></p> | <p>Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмаған кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. суретін көрсету. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстарды</p> | <p>Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p> <p>Көліктерді құрастыру.</p> |

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                       |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                    |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                               | ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегімен) қаағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру.                                                    |                                                                                                               | жасату. Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу. Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру. Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған дөңгелектер жасау. <b>(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</b> | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. <b>(құрастыру)</b> |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | Баланың өз еркімен сурет салғызуға талпындыру арқылы Сұлтан, Алиайдар, Бекарыс, Мұхаммеджан, Әлидің қабілетін арттыру                                                                                                                                                         | Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтыруды Дияр, Рамазан, Адина, Абдірахман, Айсезімге үйрету. | Әмина, Нұрғасыр, Есфирь, Айқын, Алинұрға кітап оқып беру. Алынған ақпаратқа сәйкес өз ойын білдіруге бағыттау | Өзі тұратын қала, ауыл және ауылдағы ғимараттар суреттерін көрсету Мансұр, Амалбек, Сұңғат, Айсұлтан, Көркемге әңгімелету                                                                                | Үлестірмелі карточкалармен жұмыстар, тапсырмаларды Мирас, Айғаным, Аслы, Дария, Мариям, Балжанға орындату                                          |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                                                                       |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                    |
| <b>Серуен</b>                | Көлік іздерін салыстыру, үлкен, кіші, ұзын қысқа сөздерін пайдалану. <b>(математика негіздері)</b> К/О «Қуыр-қуыр                                                                                                                                                             | К/о «Сақина жасыру». Далаға қағаздан жасалған ұшақтарын алып шығып ұшырып көру.                                                       | Кітаптан ертегі оқып беру <b>(көркем әдебиет)</b> К/О «Ақ доп, қызыл доп».                                    | К/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу                                                                                                                                 | К/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері                                                                                                   |

|                               |                                                                                                                                                                 |                                 |                                                  |                                 |               |
|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------------------------|---------------------------------|---------------|
|                               | қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер                                                                                                                 | Балалардың дербес<br>әрекеттері | Балалардың дербес<br>әрекеттері<br>Еркін ойындар | Балалардың дербес<br>әрекеттері | Еркін ойындар |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында кеңестер беру<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну. |                                 |                                                  |                                 |               |


**Бекітемін**  
**ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"**  
 меңгерушісі: Курбанова С.И.

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Ақпан айы 2023 жыл 1 апта

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

**Топ:** «Тұлпар» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3жас

| Күн тәртібінің кезеңдері                            | Дүйсенбі<br>30.01.2023                                                                                                                                                                                               | Сейсенбі<br>31.01.2023 | Сәрсенбі<br>01.02.2023 | Бейсенбі<br>02.02.2023 | Жұма<br>03.02.2023 |
|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                           | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру <b>(сөйлеуді дамыту)</b> |                        |                        |                        |                    |
| <b>Ата-аналармен<br/>әңгімелесу,<br/>кеңес беру</b> | Ата-аналарға балаларды кітаптан ертегі кейіпкерлерімен таныстыру маңыздылығы жайлы ұсыныстар беру.                                                                                                                   |                        |                        |                        |                    |

|                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың дербес әрекеті</b><br/> <b>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p> | <p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру барысында балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Таңдауы бойынша үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойнауға мүмкіндік беру .<br/> Өнер орталығында сурет салу,суретті кітапшаларды қаратып бояту.<br/> Құрастырмалы ойыншықтармен ойнауды және ойындарынан соң ойыншықтарды сөрелерге жинату.<br/> <b>Балалармен жеке жұмыс.</b></p>                                                                                                      |
| <p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>                                                                                                                           | <p>Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br/> <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <p><b>Таңғы ас</b></p>                                                                                                                                     | <p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b><br/> Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау</p>                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>                                                                                                         | <p>Шаттық шеңбер.<br/> Ау, балалар, балалар!<br/> Айналаға қараңдар!<br/> Биыл тәтті қыс болды,<br/> Бұл бір сәтті іс болды.<br/> Ақ бұлт бүркеп аспанды,<br/> Шекер жауа бастады.<br/> Бұл қыс қандай тамаша!<br/> Ә. Табылды тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін еске алу. Терезеге қарап ауа райын бақылату.<br/> «Қыс мезгілінде қандай айлар бартуралы не біледі?» «Қыста қандай мереке болды?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br/> Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б.<br/> жағдайларды жасату <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> |

|  | <p>әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p>Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. <b>(құрастыру және сурет салу)</b></p> | <p>көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. <b>(сурет салу)</b> екінші орталықта балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан құрастырғызу. <b>(Мүсіндеу)</b></p> | <p>мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. <b>(математика негіздері)</b></p> | <p>тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. <b>(математика негіздері)</b></p> |  |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуенге дайындық | <p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (<b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Серуен            | <p>Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.</p> <p><b>(математика негіздері)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b><br/>«Шымшықтар мен мысық»</p> <p>Дербес ойындар. доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен</p>                                                                                                         | <p>Батырлар қандай болады? Батыр болу үшін не істеу керек? сұрақтарына балалардан жауап сұрау</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p>Шынығу керек деп бірнеше жаттығу жасап қимылды ойындар ойнату. «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын ұйымдастыру</p> | <p>Ауа райын бақылау. Гүлдерге ағаштарға сұқю. Тазалық жұмыстарын жасату.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b><br/>Велосипед тебу; оңға, солға бұрылуды меңгерту.</p> <p>Асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>(сурет салу)</b></p> | <p>Балаларға ғарышта сонымен қатар жатпланеталықтарда болатынын айту. «Томпак» фильмінің бір бөлімін көрсету.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p> <p>Алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу</p> <p><b>(музыка)</b></p> | <p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>Ауа райын бақылату. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> |

|                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |  |  |
|--------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|
|                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>                           | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату ( <b>көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |  |  |
| <b>Түскі ас</b>                                  | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )                                                                                                                                                                                                         |  |  |  |  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                             | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> )<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегілер оқып беру ( <b>көркем әдебиет</b> )                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |  |
| <b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b> | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту ( <b>дене жаттығулар мен белсенділігі</b> )<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> )<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ). |  |  |  |  |
| <b>Бесін ас</b>                                  | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |  |

|                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың дербес әрекеті</b><br/> <b>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p> | <p>Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру. Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап»<br/> <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексазdan ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексазdan бас киім жасату<br/> <b>(мүсіндеу)</b></p> <p>Екінші орталықта элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ғарыш кемесін</p> | <p>Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Қалай шынығу керектігін айтып, балалардың ұсынысы бойынша жаттығулар жасату. Тапсырманы орындап болған соң өз қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау.<br/> <b>(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)</b></p> | <p>Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау.<br/> <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p> | <p><b>«Мен ғарышкер боламын»</b><br/> <i>Ж. Смақов</i><br/> <i>Жаттауын жаттау.</i><br/>         Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын.<br/> <b>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</b><br/>         Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.<br/> <b>(жапсыру)</b></p> | <p>Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу.<br/> <b>сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,</b></p> <p>Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату<br/> <b>(музыка)</b></p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                 |                                                                                                                                                          |                                                                                                                                       |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | безендіру<br>(жапсыру)<br><br>Ортаға жиналып<br>көңілді ән ортындап,<br>би билету.<br>(музыка)                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                 |                                                                                                                                                          |                                                                                                                                       |
| Балалармен жеке жұмыс  | Желімді пайдалануда<br>қауіпсіздік ережесін<br>Бекарыс,<br>Мұхаммеджан, Әлиге<br>таныстыру                                                                                                                                                                                   | Күн тәртібіне орай<br>күнделікті гигиена<br>талыптарын өздігінен<br>орындауды,<br>тақырыпты Дияр,<br>Рамазан, Адинаға<br>меңгерту.                                              | Балабақша туралы<br>әңгімелеу, сұрақтарға<br>Есфирь, Айқын,<br>Алинұрға жауап<br>бергізу        | Амалбек, Сұңғат,<br>Айсұлтанмен<br>пішіндерге<br>байланысты<br>дидактикалық, үстел<br>үсті ойындарын үнемі<br>ойнату                                     | Құрдастастарымен<br>қарым – қатынасқа<br>түсуде өз ойын айтуға<br>үйрету мақсатында<br>Дария, Мариям,<br>Балжанға суреттер<br>көрсету |
| Серуенге дайындық      | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен<br>жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                 |                                                                                                                                                          |                                                                                                                                       |
| Серуен                 | Дидактикалық ойын<br>«Ғажайып сандық»<br>Сандықтан әр түрлі<br>заттарды көрмей, ұстап<br>сезу арқылы табу.<br><b>Еркін ойындар</b><br>Қимылды ойындарға<br>қызығушылықты<br>дамыту                                                                                           | Қимылды ойын<br>«Сақина жасыру»<br>Балабақша ауласына<br>ұшып келген құстарды<br>санау, салыстыру.<br><b>(математика<br/>негіздері)</b><br><b>Қимылды ойын</b><br>«арқан тарту» | Құмнан зымыран<br>жасау.<br><b>(кұрастыру)</b><br><br><b>Қимылды ойын</b><br>«Мысық пен тышқан» | Еркін ойындар<br><br><b>Қимылды ойын</b><br>«Ханталапай»<br><br>Құмда таяқшалармен<br>еркін тақырыпта сурет<br>салуын ұйымдастыру<br><b>(сурет салу)</b> | <b>Қимылды ойын</b><br>«Сақина жасыру.»<br><br>Дайын құрылыспен<br>түрлі ойындар ойнауға<br>ынталандыру.<br><b>(кұрастыру)</b>        |
| Балалардың үйге қайтуы | Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                 |                                                                                                                                                          |                                                                                                                                       |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Сәуір айы 2023 жыл 3 апта**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

**Топ:** «Тұлпар» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3жас

| <b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>                                                                                                          | <b>Дүйсенбі<br/>17.04.2023</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <b>Сейсенбі<br/>18.04.2023</b> | <b>Сәрсенбі<br/>19.04.2023</b> | <b>Бейсенбі<br/>20.04.2023</b> | <b>Жұма<br/>21.04.2023</b> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|----------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                                | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                |                                |                                |                            |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>                                                                                              | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                |                                |                                |                            |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. <b>(сөйлеуді дамыту)</b><br>Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау,<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) <b>Балармен жеке жұмыс.</b><br>Бақылау к үнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. |                                |                                |                                |                            |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                                                                                                                | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                |                                |                                |                            |
| <b>Таңғы ас</b>                                                                                                                          | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                |                                |                                |                            |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> | <p>Таңғы жиын:</p> <p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>Көктем мезгілінде неше ай бар?</p> <p>Қандай айлар атап беріндерші?</p> <p>Көктемде не жауады?</p> <p>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.</p> <p>«Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>         | <p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;</p> <p>алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру.</p> <p>15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>«Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р»</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p>сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру;</p> <p>алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру.</p> <p>15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>«Ақ доп, қызыл доп»</p> <p><u>Спорттық жаттығулар:</u></p> <p>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u></p> <p>екеуден (жұппен) жүру;</p> <p>аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату</p> <p>доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу.</p> <p>15-20 сантиметр биіктіктен секіру</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p> <p>«Поезд»</p> | <p><b>Музыка</b></p> <p>"Тал ағаш".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету.</p> |

| <p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p> | <p>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексازдан қызғалдақ жасату.</p> <p>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (<b>музыка</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>Балаларға «әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру. (<b>көркем әдебиет</b>)</p> <p>«Гүлдер бағы» тақырыбында қарапайым композицияларды жасап мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (<b>мүсіндеу</b>)</p> | <p>Көктем аруының себетін жасауды ұсыну. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы мүсіндету. (<b>мүсіндеу</b>)</p> <p>Балалардың ұнататын ертегісін сахналату. (<b>көркем әдебиет</b>)</p> | <p>Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, оларға қоршау жасату (<b>құрастыру</b>)</p> <p>Ләпбукке гүлдер жапсырту. (<b>жапсыру</b>)</p> | <p>«Гүлдер саябағы» тақырыбында құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату.</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. (<b>құрастыру</b>)</p> <p>Ағаштағы гүлдерді мүсіндету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндету, оларды орналастыру,</p> |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                               |                                                                |                                                                                                                              |
|-------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |                                                               |                                                                | пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру әдістерін қолдануды дамыту. <b>(мүсіндеу)</b>                                    |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>  | Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы»немесе «жаман»әрекеттер туралы қарапайым түсінік беру                                                                                                                                                                                         | Кітаптардағы суреттерді өз бетінше басқа балалармен қарастыруға үйрету                                                                  | Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын дұрыс анықтауға үйрету      | Ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинауға үйрету            | Қол ұстасып жартылай отырып заттарды айналып жүгіруді үйрету                                                                 |
| <b>Серуенге дайындық</b>      | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                                                                         |                                                               |                                                                |                                                                                                                              |
| <b>Серуен</b>                 | <b>Қимылды ойын</b><br>«Поезд»<br>Құмда гүлдердің суретін салу.<br><b>(сурет салу)</b>                                                                                                                                                                                           | Еркін ойындар<br>Лэпбута гүлдер бағына әр бетіне сәйкесінше жапсырту<br><b>(жапсыру)</b><br><b>Қимылды ойын</b><br>«Кішкентай маймылдар | Еркін ойындар<br><b>Қимылды ойын</b><br>«Шымшықтар мен мысық» | Еркін ойындар<br><b>Қимылды ойын</b><br>«Мекен мен балапандар» | Еркін ойындар<br>Лэпбукке көктем белгілерін танып жапсырту.<br><b>(жапсыру)</b><br><b>Қимылды ойын</b><br>«Мысық пен тышқан» |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.<br>Гүлдер туралы әңгімелесуді ұсыну.                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                         |                                                               |                                                                |                                                                                                                              |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мамыр айы 2023 жыл 4 апта**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

**Топ:** «Тұлпар» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3жас

| <b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>                                                                                                          | <b>Дүйсенбі<br/>22.05.2023</b>                                                                                                                                                                                                 | <b>Сейсенбі<br/>23.05.2023</b>                                                                                                                                                                              | <b>Сәрсенбі<br/>24.05.2023</b>                                                                                                                                                                                   | <b>Бейсенбі<br/>25.05.2023</b>                                                                                                       | <b>Жұма<br/>26.05.2023</b>                                                                           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                                | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту). |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                      |                                                                                                      |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>                                                                                              | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру.                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                      |                                                                                                      |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.                                                                                         | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді тамашалап, оларға күтім жасату (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) <b>Балармен жеке жұмыс.</b> | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. Жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> | Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату. |

|                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Таңертенгі жаттығу                   | Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Таңғы ас                             | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» беруге баулу( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> ) |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Таңғы жиын:<br>«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу.<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер         | <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын пысықтау.</p>                                                                                                              | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>тура жолмен жүру. алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру.<br/>Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу<br/>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>арқан бойымен жүру<br/>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру.<br/>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату<br/>тұрған орнынан жоғары секіру<br/><u>Қимылды ойын:</u><br/>Т ы р н а л а р - т ы р н а л</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br/><u>Негізгі қимылдар:</u><br/>арқан бойымен жүру<br/>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру.<br/>1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату<br/>Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу</p> | <p><b>Музыка</b></p> <p>"Алақай, жаз келді!"<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | <u>Қимылды ойын:</u><br>Шыбыққа қалпақ кигізу                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | а р<br><u>Спорттық жаттығулар:</u><br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Балабақша ауласында                                                                                                                                   | <u>Қимылды ойын:</u><br>Ақ доп, қызыл доп                                                                                                                                                                                             | мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. |
| Балалардан бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. Сүйікті ойыншығы мен ойыны туралы сұрау. Ол ойыншықты не үшін жақсы көретіндерін айтқызу.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b><br><br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топтағылар «ойын» орталықта ойыншықтарды жуып күтім жасату, ал екінші «өнер»орталықта қағаздан кеме құрастырғызу. Сосын балалардың | Ғажайып қорапшадан құмда ойнайтын ойын құралдарын шығару. Балаларға оларды атату, содан соң санату салыстырғызу. Қандай қызмет атқаратынын айтып беруді үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып сөйлеуді жетілдіру.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b><br><br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша қорапшадан шығарылған заттарды салыстыру, екі затты үстіне және қасына | Дидактикалық ойын «Бұл не зат?» суреттің төрттен бір бөлігін танып не зат екенін тауып атату. Оны топтан тауып келуін қйымдастыру Онымен не істейтінін әңгімелету.<br><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b><br><br>«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату көңіл көтеріп сезімдерін танытуға жетелеу. <b>(музыка)</b> | Топтағы гүлдерге күтім жасату. Олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексиздан мүсінін жасауды ұсыну.<br><b>(мүсіндеу, сурет салу)</b><br><br>«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларды өз бетінше саханалауға талпындыру.<br><b>(көркем әдебиет)</b> | Ойыншықтарды үстелдің үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b><br><br>Көңіл көтеріп. «Бақытты балалар» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату.<br><b>(музыка)</b> |                                                                    |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | орталықтармен ауысуына жағдай жасау. <b>(құрастыру, қоршаған ортамен танысу)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша айырмашылығын табуға машықтандыру <b>(математика негіздері)</b>                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Серуен</b>            | Балақаша ауласында қандай құстар бар екенін анықтату. Ұяларын бақылату. Балапандар барма көруін ұйымдастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b><br><br>Қорапшадағы ойыншықтармен ойын. Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп                                                                                           | Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b><br><br><b>Қимылды ойын</b> «Кішкентай маймылдар»<br><br>Құммен ойынайтын құралдарымен әр түрлі суреттерді салғызу <b>(сурет салу)</b> | Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды санату. Оларға табиғи заттардан астау жасату. <b>(математика негіздері, құрастыру)</b><br><br>Бормен құстардың суретін салғызу <b>(сурет салу)</b><br><br><b>Қимылды ойын</b> «Шымшықтар мен мысық» | Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді еңбек әрекетін санату, танып атату, ұйымдастыру. оларға күтім жасату. Гүлдер мен Құмда олардың ағаштардың суреттерін салғызу. айырмашылықтарын <b>(қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері)</b> сипаттап айтуын <b>(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)</b><br><br><b>Қимылды ойын</b> «Қояндар» | Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атату, оларға күтім жасату. Құмда олардың суреттерін салғызу. <b>(қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері)</b><br><br><b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін |

|                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |                              |
|--------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------|
|                                                  | көрсетуді бекіту<br><b>(математика негіздері)</b><br><br><b>Қимылды ойын</b><br>«Автобус»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  | саналы түрде сақтауға баулу. |
| <b>Серуеннен оралу</b>                           | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  |  |                              |
| <b>Түскі ас</b>                                  | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру.<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>                                                                                                          |  |  |  |                              |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                             | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату <b>(музыка)</b>                                                                                                                                                                                                                           |  |  |  |                              |
| <b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b> | Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> . |  |  |  |                              |
| <b>Бесін ас</b>                                  | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |  |                              |

|                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
